

Түркістан облысының шекарасын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 17 мамырдағы № 326 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Бағыс және Хиёбон елді мекендерінің жалпы алаңы 795,62 гектар жерін Түркістан облысының шекарасына қосу арқылы Түркістан облысының шекарасы өзгертілсін.

2. Түркістан облысының әкімдігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 17 мамырдағы
№ 326 қаулысына
қосымша

Түркістан облысының шекарасына енгізілетін Бағыс және Хиёбон елді мекендері жерлерінің экспликациясы

№	Елді мекен атауы	Жер учаскесінің жалпы алаңы (гектар)	соның ішінде:						
			өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	өзге жерлер					
ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	оның ішінде:	елді мекендердің жері							
егістік	соның ішінде:	өзге жерлер							
суармалы егістік									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	
1	Бағыс елді мекені	750	-	-	-		637,86	112,14	
2	Хиёбон елді мекені	45,62	37,32	36,29	36,29	1,03	5,6	2,7	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК